



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың бастауы



Күлімдеген күн шуағын молынан төгіп, табиғат ананың жаңаруымен тұспа-тұс келген бұл мезгілдің ҚазҰУ үшін маңызы өте зор. Өйткені, қасиетті қарашаңырақ өзінің 75-көктемнің шымылдығын ашты. Сиыр жылы ел ғибратында берекелі, ырысты ынтымағымен өрілген. Тышқан жылы білім ордамыздың тарихында өзіндік ерекшелігімен есте қалғанын айта кетуіміз керек. Оған кредиттік технология жүйесінде Интранет бастамамыз жаңа серпін өкеліп, ҚазҰУ-дың Қазақстан жоғары оқу орындары арасында рейтингі бойынша бірінші орынды иеленгенін мысал ретінде келтірсек те жеткілікті.

Көктемнің алғашқы айы – наурызда қазақ халқының ұлылығын дәріптей түсетін Ұлыстың ұлы күні тойланып, Жаңа жылымыз басталады. Самарқандтың көк тасы жібіп, Жер-ана бусанады. Табиғат жасарып, жаңа өмірдің самал желі еседі. 22-наурыз тіршіліктің басталуына негіз болып, ағайын арасындағы достық пен берекені нығайтады. Аналарымыз бен әжелеріміз наурыз көже дайындап, аталарымыз ақ баталарын жаудырады. Ренжіскен жандар достасып, “Ақ мол болсын, ұлыс оң болсын” деп тілек білдіреді. Сондықтан, бұл күн – ырыс тасып, тілектің молынан айтылып,

ән-жыр төгіліп, дүбірлетіп өткізер ұлық мереке. Осы кезекте Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлыс күнін ұлықтау есебінде күнтізбедегі мерекенің демалыс уақытын ұзартуды қолға алды. Бұдан біз Ұлыс күні қадір-қасиетінің күннен-күнге артып келе жатқандығын байқаймыз.

Құрметті әріптестер, студенттер! Көктемнің осынау жайма шуақ күнімен қатарласа келген мерекелеріңіз құтты болсын. Алда жоспарланған мерейтойлық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ҚазҰУ беделін асқақтатуда бірігіп қызмет атқарамыз деп үміт артамын!

ҰЛТ МҰРАТЫ, ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ – МӘҢГІЛІК

Елбасының әр жылғы жолдауы халыққа бағыт-бағдар берер маңызды шараларды қамтитыны белгілі. Экономикалық дағдарыс күшіне енген қысылтаяң шақта аталған құжатты көпшілік асыға күткен болатын. Жолдау қай кездегідей мемлекетіміздің сан қырып қолдауға бағытталды. Бұл жолы да Елбасы қадау-қадау мәселелерге ой айтып, ұтымды ұсыныстарды ортаға салды. Солардың бірі де бірегейі – дағдарыс кезіндегі білім беру мәселесі. Себебі, қай кезде де білім – ел болашағы. Осы орайда, экономикалық дағдарыста білім берудің тығырыққа тірелуіне жол бермеу басты назарда қарастырылып, оның тиімді тетіктері тілге тиек етілді. Осыған байланысты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінде Елбасының жолдауы талқыланып, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін іске асыру шаралары бекітілді.

Экономикалық дағдарыс өлем жүршілығын әбігерге салып отырғанда капитализмнің бұл індегі елімізді де айналып өтпесі анық еді. Жолдауда Елбасы дағдарыс кезіндегі халқымызға, мемлекеттігімізге қажет жұмыстар тізбегін атап өтіп, «Үкімет әлеуметтік төлемдерді және бюджетшілердің жалақысын ұлғайту жөніндегі мемлекеттің барлық міндеттемелері толық көлемінде сақталуына кепілдік беруге міндетті» деді. Әлеуметтік саладағы мемлекеттік қолдау жағы қысқартылмайтыны қашаннан бері айтылып жүр. Тағы бір көкейдегі мәселе көк қағаздың қадірі артып, ұлттық теңгеміздің

күнсызданған шағында тауарлар бағасының өсуі қарапайым халықтың қалтасына ауыр тиіп отырғандығы. Бұл әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарға оңай соқпағаны белгілі. Олардың арасында студенттер де бар. Сондықтан, мемлекеттік маңызы бар құжатта «Бұрынғы жоспарланғанындай, 2010 жылы бюджетшілердің жалақысы және шәкіртақы 25 пайызға, ал 2011 жылы тағы да 30 пайызға ұлғайтылатын болады» деген жолдар ЖОО ізденушілеріне жағымды жаналық болды.

(Жалғасы 3-бетте)

Өнерлі өрге жүзген күн



Университет басшылығы көркемөнерпаздар байқауына үлкен назар аударды. Үшінші орынды иемденген студенттерге мақтау қағаздарын университеттің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі про-

ректоры Шолпан Ерболқызы Жаманбалаева табыстады. 2-орын иегерлерін қарашаңырақтың бірінші проректоры Зұлхайыр Аймұхамедұлы марапаттады. Көркемөнерпаздар байқауының көш бастап,

«Әсемпаз болма өрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан» дейді Абай. Ізденушіні жан-жақты дамытуға ерекше мән беретін ҚазҰУ-ға өнердің өкпесі жоқ шығар. Бұған дәлел жетерлік. Соның бірі 28-наурызда өз мәресіне жеткен ҚазҰУ-дың 75-студенттік көктем байқауы. 28 номинация бойынша 2000 студент қатысқан аталмыш шара 2 айға жуық созылды. Жүлделі орындар алған жүздеген студенттерге салтанатты жағдайда мақтау қағаздары ұсынылды.

топтан озғандарды ҚазҰУ ректоры Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов шын жүректен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

(Жалғасы 8-бетте)

санда:

БҮГІНГІ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ
БІЛДІРГЕН
СТУДЕНТТЕР
ЕЛБАСЫҒА ХАТ
ЖОЛДАДЫ



2-бет

«СЕЛТЕТКІЗЕРІ»
СЕРІНІҢ СЫР
АЛҒЫЗЫП,
ҮЯҢ СҮЛУ
ҰСЫНАР
«ҮЙҚЫШАРЫН»



6-бет

ҚазҰУ-дың
үздік
студенті кім?



8-бет



Жолдауға – қолдау

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРГЕН СТУДЕНТТЕР ЕЛБАСЫҒА ХАТ ЖОЛДАДЫ

Бүгінгі таңда «Жастар – қоғамның қозғаушы күші» - деген қағида санамызға берік ұялаған. Себебі, мемлекеттің әр қадамы мен оң шешімдері елдің болашағы үшін жасалып жатыр десек, онда сол болашақтың сұлбасы бүгінгі жастардың бет-бейнесінен көрініс табады деуге болады. Ал, бүгінгі жастар қандай? Белсенділігі қандай деңгейде? Олар ел болашағына алаңдаушылық білдіре ме? Осы сұрақтарға біз 25 наурызда өткен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жасаған кезекті жолдауын талқылауға арналған жалпыуниверситеттік студенттер конференциясында жауап тапқандай болдық. Студенттердің өз ұсыныстарымен ұйымдастырылған бұл конференцияда жас көшбасшылар сөз алып, жолдаудың әр бағыты бойынша салмақты ойларын ортаға салды. Солдардың бірнешеуін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз.



**Файни СЕРІМ,
Студенттер сенатының төрайымы:**

Саны жөнінен он үшінші жолдау басқаларынан бөлектеу. Олай болатын – бұған дейінгі жолдауларда елдің ішкі ахуалы мен сыртқы саясаттағы басым бағыттар айқындалып, оны жүзеге асырудағы негізгі міндеттер тайға таңба басқандай көрсетілетінді. Ал биылғы «Дағдарыс арқылы даму мен жаңаруға» деп аталатын құжатта жер-жаһанды алаңдатып отырған күйзеліс кезеңінен ширығып шығудың жолдары қарастырылған. Тұтастай алғанда, дағдарысқа қарсы бағдарлама негізгі екі бағытта іске аспақ. Біріншісі - экономикалық, екіншісі - әлеуметтік. Яғни, бұған дейін, дағдарысқа қарсы қазақстандық бағдарламаның қаржылық бөлімі белгілі болса, енді әлеуметтік бөлімі де жария етілді. Өйткені, ғаламдық дағдарыстың дауылы күшейген кезеңде әрбір қазақстандықтың биылғы Елбасы жолдауынан зор үміт күткені белгілі.

**Арайлым ӨМІРБЕКОВА,
«Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы:**

Елбасының тағы айрықша айтқаны – Үкімет әлеуметтік төлемдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысын өсіру жөніндегі барлық міндеттемелерін толық орындауға кепілдік береді. Бұған дейін жоспарланғанындай, 2010 жылы бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысы және шәкіртақы 25 пайызға, ал 2011 жылы тағы да 30 пайызға көбейтілетін болады. Зейнетақының орташа мөлшері 2010 жылы 25 пайызға және 2011 жылы 30 пайызға ұлғайтылады. 2011 жылы базалық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі өмір сүру мөлшерінің 50 пайызына дейін өседі. Онымен қоса, мемлекет оқу ақысын төлеу үшін қаржысыз қалған студенттерге қолдау білдіріп, 11 мың грант пен 40 мың несие қосымша бөлгені белгілі. Бұлардың барлығы қазіргі дағдарыс туғызған ағымдағы мәселелерді шешуге жасалған іс-әрекеттер.

**Асфендияр КУШЕНОВ,
экономика және бизнес факультетінің 2 курс студенті:**

Қазіргі кезде өлемнің жетекші елдері экономикалық дағдарыстың бетін қайтаруға 10 трлн. АҚШ долларынан астам қаржы

жұмсады. Бұл – өлемдік ішкі жалпы өнімнің 15 пайызы деген сөз. Өкінішке орай, өзірше дағдарыстың қарқыны бәсеңдемей, құлдырау одан әрі жалғасуда. Алайда, экономикалық-әлеуметтік қиындықтарға алдын-ала қамданған, ертеңін ойлап жинаған қорын қажетіне жаратқан Қазақстанның ұстанымы ТМД кеңістігіндегі көптеген елдерге үлгі болып отырғаны рас. Бұған мысал, жуырда ресейлік кәсіпкерлер салық кодексін өзгерту, шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жариялау жөніндегі қазақстандық тәжірибені алға тартып, Ресей үкіметіне ұсыныс жасады. Алпауыт Ресейдің өзі Қазақстанның дағдарыспен күрес тәсіліне ерекше назар аударып отыр. Бұл Елбасының "Осы дағдарыстан анағұрлым қуатты және өркендеуі мемлекет болып шығатынымызды білуге тиіспіз" деген сөзіне дәлел бола алады.

**Динара СӘДУАҚАСОВА,
халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті:**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың студенттерге 11 мың білім гранты мен 40 мың жеңілдетілген несие бөлуі - әкелік қамқорлық. Бүгінгі таңда республика бойынша ЖОО-ның күндізгі бөлімінде 300 мың студент білім алса, оның 120 мыңы грант негізінде. Елбасы тапсырмасы бойынша, ендігі кезде төрт пен беске оқыған 3-4 курстың 11 500 студенті грантқа ауыстырылып, ал медицина, техника және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім алып жүрген, студенттердің әлеуметтік әлжуаз тобынан шыққан 40 000 студент тоғыз пайыздық ставка бойынша 20 жылға арналған жеңілдетілген несие негізінде білім алатын болды.

Конференцияның қонақтары Алматы қалалық жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы Нұрбол Баймұханов, «Жас Отан» жастар қанатының Алматы қаласы бойынша атқарушы хатшысы Бақытжан Нарымбетов, Алматы Жастар конгресінің төрайымы Дана Әбікеева студенттерді дағдарыс кезінде салысуға кетпей, оқуын үздік оқып, белсенді азамат болып өсуге шақырды. Аталмыш шараның қорытындысы бойынша, Елбасының атына жазылған Студенттер хаты даярланып, Ақордаға жолданды.

Жастар ұйымдарымен жұмыс істеу бөлімі

Конференция

ЕКІНШІ ҰСТАЗ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

18 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі және «Қазақстан» республикалық теле-радиокорпорациясының қолдауымен университеттің 75 жылдығына арналған «әл-Фараби: Философия. Мәдениет. Дін» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Екінші ұстаздың есімін ұлықтай түсетін бұл шара, қарашаңырақтың 75-жылдық мерейтойына арналды. Басқосу университет ректоры, академик Б.Т.Жұмағұловтың алғы-сөзімен басталды. Өз сөзінде қарашаңырақтың басшысы: "Бұл шара университетіміздің 75 жылдық мерейтойына арналған маңызды шаралардың бірі. Осындай мәні көп игі істерге келгендеріңіз үшін алғыс айтамын. Университеттің беделін асқақтата берейік" деген тілегін жеткізді. Сондай-ақ атаулы жиынға алыс-жақын елдерден ғалымдар мен фарабитанушылар, қазақ, түркі, және өлемдік философия тарихын зерттеуші

ғалымдар келіп, баяндама оқыды. Конференцияға қатысқан еліміздің Бас мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі "Отырар мәдениеті және отырарлық ғалымдар" тақырыбына тоқталып, Отырар өлкесінен табылған 27 әл-Фараби туралы сыр шертті. Баяндама соңында ҚМДБ бас мүфтиі ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұловқа естелік кітабын сыйға тартты.

Ал Ресей халықтар достастығы университетінің ғылыми жұмыс бойынша проректоры Н.С.Қирабаев қарашаңырақты мерейтойымен құттықтап, "Әл-Фараби және антикалық философиялық дәстүрдің дамуы" деген баяндама жасады. Сонымен қатар,

алқалы басқосуға келген М.Әуезов, Ә.Нысанбаев А.Бисенбаев сияқты ғалымдар өз кезегінде сөз алып, ғұлама ғалымның есімін ұлықтап конференция тақырыбын қыздыра түсті. Қонақкәделерімен келген фарабитанушыларды ҚазҰУ ұжымы да құр қайтармады. Үздік оқу ордасының ректоры, академик Б.Т.Жұмағұлов конференция қатысушыларын ҚазҰУ-дың мерейтойлық медалмен марапаттады. Ұйымдастырушылар атынан сөз алған философия және саясаттану факультетінің деканы З.Шаукуенова қонақтарға риясыз алғысын жеткізді.

Саягұл ӘЛІМБЕКОВА

Талқы

Көктемнің алғашқы жұмасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті жолдауын ұсынды. Бұл саяси маңыздылыққа ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің оқытушылары мен студенттері де өз пікірлерін білдіруді жөн санап, тәуелсіз елдің болашақ саясаткерлері мен философтары 13 наурыз күні "Дағдарыстан дамуға" құжатын талқылады.

ЖОЛДАУ НӘТИЖЕЛІ БОЛСА, ДАҒДАРЫС ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС

Өлемдік дағдарыс ұғымы пайда болғалы адам баласының бойында болашағына деген алаңдаушылық пен үрей де қылаң ете қалғандай. Әсіресе, университеттің соңғы курсына жүрген студенттер жұмысқа орналасу оңай болмас деген пікірден арыла алмай жатқаны да жасырын емес. Бір ойды бір ой қозғайды демекші, мұндай алаңды "Дағдарыстан дамуға" атты жолдау қаншалықты сөйілте алмақ. Осы орайда, болашақ саясаткерлер өз пікірлері арқылы жолдауға үлкен сенім артатындықтарын жеткізді. Мәселен, философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті Даурен Тұрсынқұлов "Елбасының халыққа 13-ші жолдауы жылдағыдан өзгеше жолдау. Біріншіден, Елбасының «дағдарыс өтеді, кетеді, бірақ ұлт мұраты, ел болашағы мәңгі» деген сөзі барлық Қазақстан азаматтарын бүгінгі күнді ғана ойламай, елдің болашағы, оның өміршендігі жолында «саусақ бірікпесе ине ілікпейді» дегендей бірлікке шақырған жолдау болды. Екіншіден, бұл жолдау ел арасында болып жатқан мәселелерді, жұмыссыздықты дер кезінде алдын алуға сүбелі қадам" деген пікірге тоқталса, 2 курс студенті Әсем Кокушева Президенттің биылғы жолдауы

өте күрделі және өзгеше болды. Себебі, біздің еліміз, жалпы барша өлем дағдарыс процесіне ұшырап отыр. Жолдаудың басты идеясы – осы қиын-қыстау кезеңде Қазақстан халқын жұмылдыру және бірлікті нығайту болып табылады. Өйткені, біздің ел өзінің тарихында, осы факторлардың арқасында күтпеген жерден келген жағдайлардың бәріне де төтеп бере алған. Қазірде де біз осы жолдауға үлкен сенім артып отырмыз» деген оймен түйіндеді. Елдің саяси және әлеуметтік деңгейіне өзгеріс беретін жолдауды халық осылай бағалауда. Сонымен қатар, алуан пікірдің арасында – «қаржы дағдарысқа ұшыраса да адам баласының рухы құламаса екен, қалта кедейленсе де, жан сұлулығы жұқармасын» деген жалынды ұрандар да бой көтерді. Шындығында, қазақ елі "бөрі аштығын білдірмес" дегендей тәзімді ел. Алайда, «адам болып дүние кілтін ашқан соң, мәнді өмір сүру керек» дегенге саятын олардың көпшілігінің ойында «Елбасы жолдауы шын мәніндегі даму кілті болады» деген үміт басым.

Өз тілшімізден



■ Сарптама

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елбасы «Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады» деуі дүйім қазақтың, әсіресе жастардың ұранына айналды десек қателеспейміз. Ал ұлт болашағының негізі — білім мен ғылымда. Қазақ «Оқу — білім азығы, білім — ырыс қазығы» дейді. Елбасы атап өткендей, «Біздің алдымызда дағдарыс салдарын еңсеру және келесі экономикалық өсуге әзірлену жөнінде үлкен міндеттер тұр».

Осы орайда, болашақ экономикалық дамуларға өз үлесін қосуға ынталы ізденушілердің сын сәтте елеусіз қалмайтындығы да жолдауда барынша қамтылды. Болашақ мамандарды дағдарыс дауылынан сақтап қалар жол көрсетілді. «Қыс қамын — жаз сайла». Оқу ақысын төлеу үшін қаржысыз қалған студенттерге қолдау болатындығы жұртшылыққа жігер бергендей. Мемлекеттің студенттер үшін 11 мың грант және 40 мың несиеден қосымша бөліп отырғандығы соның дәлелі. Бүгінде Қазақстанда 180 мың студент ақылы бөлімде оқиды. Демек, ата-аналардың қысылтаян кезеңде қолдың қысқалығына қарамай балаларының жоғары білім алуына мүмкіншілік жасалатындығына көздері жетті. Бүгінде аталған жолдауды жүзеге асыру шаралары басталып та кетті.

Алғашында «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Қайрат Келімбаевтің үкімет отырысында қазақстандық студенттер наурыздың 1-інен бастап оқуларына несие алу үшін «Альянс банкке» өтініш білдіре алатындығын мәлімдеген болатын. Әйтсе де, студент пен несие беруші арасындағы кепіл мәселесінің туындауына байланысты бұл шара сәуірдің біріне дейін шегерілді. Елбасы тапсырмасынан кейін Үкімет студенттерге несие ретінде 15 млрд. теңге бөлетін болып келісті.

Университет студенттері мемлекет басшысының бұл бастамасын қуана қабылдап, қызу талқылау үстінде. Бұл жолдаудың дағдарыс кезінде халыққа демеу беретін маңызды құжат бола бастағанының кепілі. Олар әсіресе, ақылы бөлімде оқып жатқан студент жастарға грант бөлінгеніне ризашылықтарын білдіруде. Білім алуға құштар жастарға бұл үлкен қолдау болды деуге толық негіз.

Президент Н.Назарбаев атап өткендей, дағдарыс кезінде бірде-бір ізденуші оқудан шығып қалмауы тиіс. Мемлекеттік оқу гранты үздік, бірақ ақылы жүйе бойынша білім алып жатқан студенттерге берілсе, 40 мың несие инженерлік және медициналық мамандықтарға бөлінбек. Жолдауда ізденушілер ғана емес, сонымен қатар жұмыс нарығындағы мамандардың да жағдайы сөз болды. «Өмірлік жұмыспен қамтылуды және кадрлардың қайта даярлануын қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кем дегенде 140 миллиард теңге бөлуді тапсырамын», — деп нығыздады. Елбасы өз жолдауында.

Жергілікті бюджеттерге де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесе қаржыландыруға ресурстар бөлу жүктелді. Бұған қоса, жұмысынан айырылғандар үшін



ҰЛТ МҰРАТЫ, ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ — МӘҢГІЛІК

жаңа жұмыс орындары құрылmaq. Бұл кем дегенде 350 мың қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз ететін болады. Аталған жұмыс орындарының негізінен жастарға арналғандығын да айта кетуіміз керек.

Елімізде еңбек нарығын дамыту үшін мүмкіндіктер бар. Жыл сайын жоғары оқу орындарын қаншама білікті мамандар төмөндап шығады. Дегенмен, соңғы уақыттарда мектеп бітірушілердің көпшілігі заңгер, экономист мамандықтарына тапсырып, елге қажетті өндіріс пен

өнеркәсіп салалары маманға әреу күй кешіп отыр. Сондықтан, жолдауда әлемдік дағдарыс жағдайында мемлекеттің жұмыспен қамту стратегиясы кадрларды қайта үйрету және қайта даярлау жөніндегі толық ауқымды жұмысқа бағыттталып отыр. Бұл міндет атқарушы билікке ғана емес, жоғары оқу орындарына да жүктелетіні анық. «Біздің адамдарымыз оқып-үйренуге тиіс, бүкіл әлемде адамдар өмір бойы оқумен өтеді. Мына жағдайда қайта оқуға, сөйтіп бүгін қажет болып отырған

мамандықты игеруге мүмкіндік те бар, қажеттілік те бар», — деп ескертті бұл туралы Елбасы.

Әлем жұртшылығы дәл қазір сын сағаттан шығар жол іздеп, түрлі әрекетке көшіп жатыр. Дағдарыстың қанша уақытқа ұласары да беймәлім. Белгілісі, Қазақстан білім саласына дағдарыс жағдайында да орасан мән беріп отыр. Ол болашақта өз нәтижесін береді деп сенеміз. Осы орайда, еліміздегі жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де жастарға артылған сенімді ақтап, жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарау қажеттігі анық. Университет басшылығы президент жолдауындағы көтерілген мәселелерді іске асыруға білек түре кірісті. Студенттер арасында да бұл жолдау қызу талқылаудан өтуде. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 498 студент грантқа ауысуға өтініш білдіріп отыр. ҚазҰУ несие алуға ынталы студенттерге кепіл болуға дайын. Ендігі кезекте ізденушілердің де білім сапасы сынға түсетіні анық.

Қазірде әр жерде Елбасы жолдауын жүзеге асыруға байланысты түрлі шаралар атқарылып жатқаны белгілі. Бұл өреден әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де табылып отыр. ҚазҰУ-да жолдауда көрсетілген міндеттерге байланысты арнайы бағдарлама қабылданып, Ғылыми

кеңесте «Елбасы жолдауын іске асыру бойынша университеттік іс-шаралар жоспары» бекітілді. Оның аясы сан түрлі бағыттарды қамтиды. Атап өтсек, жолдауды талқылаудан бастап, дағдарысқа қарсы шараларды түсіндіру мақсатындағы кездесулер, азаматтық бірлікті насихаттау жолында дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастыру жоспарға енген. Университет басшылығы алда келе жатқан Тәуелсіздіктің 20 жылдығына жоғарғы деңгейде назар аударып отыр. Осы орайда, Қазақстанның жаңа тарихына қатысты тың зерттеулерді жүргізу жүктелгендігі қарашанырақтың ұлт болашағының алдындағы парызын терең түсінгендік деп бағалаған жөн. Бағдарламада сонымен қатар әлеуметтік мәселелер де жік-жігімен қамтылған. Университет қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша тәртіп комиссиясының жұмысын күшейту керектігі айтылды. Әлеуметтік жағдайы нашар қызметкерлер мен студенттер тізімін жасау және оларға әлеуметтік көмек көрсету де назардан тыс қалған жоқ. Студенттік құрылыс жасақтарының жұмысын ұйымдастыру, студенттер үшін арнайы жұмыс орындарын құру, әлеуметтік маңызды студенттік жобаларға қолдау көрсету сынды қажетті шаралар қолға алынбақ. Сонымен қатар, ізденушілер бойына ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру жұмыстары да жалғасын таппақ.

«Ел дамуының жаңа кезеңінің табыстары көп ретте біздің іс-қимылымыз бен қабылдаған шешімдерімізге байланысты болады. Бізде қажетті ресурстар, әлемдік дағдарыс қыспағына төтеп беретін тәжірибе бар. Бізде айқын дағдарысқа қарсы бағдарлама бар. Қойылған мақсаттардың бәріне қол жеткізуге болады!». Елбасының бұл айтқанын халыққа артылған зор сенім деп қабылдау керек. Сонау алғаш тәуелсіздік алған аумалы-төкпелі кезеңді аман-есен артқа тастаған еліміз бұл сыннан да сүрінбей өтер. Әсіресе, жастарымыз бастамашылық танытып, ұсынылған мүмкіншіліктерді орынды пайдалана алғаны ләзім. Себебі, қай қоғамда да жоғары білім ешқашан мән-маңызын жоғалтпақ емес. Бұл мәселенің көкейтестілігі білім-ғылым, ақпарат ғасырында тіптен арта түскен.

Елбасы жолдауда барлық қиындықты еңсеретінімізге, Қазақстанды күшті, өркениетті және әлемде құрметтелетін мемлекетке айналдыратынымызға сенім білдірген. Бұл бағытта қоғамның қозғаушы күші жастар аянып қалмағаны абзал.

Университет ректоры ҚазҰУ-дың еліміздің барлық саласында интеллектуалды элита болатын жоғары кәсіби білікті маман даярлайтынын қашан да мақтаныш тұтады. Сондықтан, ҚазҰУ сын сағатта да көшбасшылық танытып, мемлекеттің болашағы үшін бүгінгі маңызды шешімдерді бар жауапкершілікпен атқарып шығуы қажет. Қамқор болмаса, елге серт. Ел үмітін ақтай алмасаң, жас өркен, саған серт!

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Қиындық атаулыны жететін бір-ақ күш бар, ол — бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет.

Ел басына күн туған нелер бір қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған осы ынтымағы мен бірлігі емес пе еді?

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы кеңес дәуіріндегі басқа түскен үлкен нәубет жылдарында да өзінің елдігін ынтымақ пен бірліктің арқасында сақтай білді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзге республикаларда қантөгістер мен қактығыстар болып жатқанда, татулық пен бірліктің арқасында жас мемлекетімізді жасақтап, өтпелі кезеңнен шығынсыз өттік емес пе?!

Бүгінгідей қиын-қыстау кезінде мен туған халқымның ынтымақ пен ауызбіршілік танығтарына сенемін.

ҚР Президентінің
Қазақстан халқына Жолдауынан

■ Поздравляем!

В ЧИСЛЕ ЛИДЕРОВ

24 марта в Научном совете были подведены итоги конкурса среди всех кафедр Казахского национального университета имени аль-Фараби. Конкурс дал возможность уделить заслуженное внимание всем педагогам, и их кропотливому труду в борьбе за знание. Конкурс проходил по разным номинациям, как за неисчерпаемый вклад в развития образования, за успешные открытия в научной сфере, за внедрение инновационных технологий в образовательный процесс, за вклад имиджа университета и многих других похвальных трудов и т.д. По окончании конкурса победителями вышеперечисленных номинации стали 13 кафедр.



Победителем номинации «За научные достижения» была выбрана кафедра механики (мехмат).



За свой большой вклад в развитие имиджа университета номинацию «За вклад в развитие имиджа университета» получила кафедра истории журналистики (журфак).



Кафедра метеорологии (геофак) стала обладателем номинации «За внедрение инновационных технологий в образовательный процесс».



Номинацией «За вклад в развитие имиджа университета» была удостоена кафедра китаеведения (востфак).



Победителем номинации «За внедрение инновационных технологий в образовательный процесс» стала кафедра ботаники (биофак).



По номинации «За научные достижения» победителем была признана кафедра химической физики и химии высокомолекулярных соединений (химфак).



Кафедра «Финансы» ФЭБ стала победителем номинации «За внедрение инновационных технологий в образовательный процесс».



Счастливым обладателям номинации «За достижения в развитии партнерства и сотрудничества с мировыми научными центрами» стала кафедра всемирной истории (истфак).



Кафедра теории и истории государства (юрфак) была признана призерами номинации «За внедрение инновационных технологий в образовательный процесс».



За свой вклад в научную сферу диплом с номинацией «За научные достижения» получила кафедра общего языкознания (филфак).



Обладателем номинации «За научные достижения» стала кафедра теплофизики, стандартизации и метрологии (физфак).



Кафедра международных отношений и внешней политики РК (ФМО) была выбрана победителем номинации «За вклад в развитие имиджа университета».



Номинация «За вклад в развитие в дело воспитания и образования молодежи» была присуждена кафедре общей и этнической педагогики (ФФИП).

P.S.

Профессорско-преподавательский состав КазНУ имени аль-Фараби и коллектив газеты «Казак университеті» от чистого сердца поздравляет всех победителей конкурса, и желает наибольших достижений на тропе знания!



Сауалнама

Ет орнына...

Наурыз айының күнтізбелік Жаңа жылдан маңызын қалай арттыруға болады?



Жолдасбек МАМБЕТОВ,
ф.ғ.к., доцент,
филология
факультеті:

- Меніңше, наурыз айы туғаннан бастап әсем өуен мен күйді асқақтатып қойсақ артық емес. Сонымен қатар, Наурыз келгенде ақ баталы тілектерді әр мекеменің маңдайшаларына жазуды қатаң ескерген жөн. Менің бір кәсіпкер танысымнан естігенім бар, оған "31-желтоқсанда есік қағатын жаңа жыл уақытына сай етіп мейрамханаға безендіру жасамасаң, айыппұл саламыз" деген екен. Міне, осындай талапты Ұлыстың ұлы күнінде неге жүзеге асырмасқа. «Наурызға пәленше күн берілді» деп ескертіп отыруды да енгізуіміз керек. Біз өншейін ақ көңілміз, қысым жасамау керек, демократия дегенге бой алдырамыз. Егер сыйлағанды түсінбесе, бұл ұлы Наурыз мерекесін қысым арқылы мерекелету керек. Кейінге шегергенше уақытында тойланғаны жөн, қақаған қысқа қарамастан өзгелік Жаңа жылды тойлауға құмармыз ғой.

Тұз орнына...

Ұлыстың ұлы күнін атап өтуде қандай ұсыныс айта аласыз?



Сағатбек МЕДЕТҮЕВ,
ф.ғ.к., журна-
листика
факультеті:

- Кеңестік саясат қаншалықты қарсы әрекет етсе де қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы келе жатқан рухани болмысынан ажыраған жоқ. Әсіресе, бұл көрініс ауылдық жерде бүгінге дейін сақталып келе жатыр. Қазірде Наурызды қасиетті жалпыұлттық мейрамға айналдыруды науқаншылдық сипатқа беріп қойдық. Яғни, әрбір мекеме белгілі бір күнді белгілеп алып, сол күні бұйрық арқылы, яғни жоғарыдан тапсырма алу арқылы әрекет етуде. Тегінде әр қазақ көктемді ерекше күтіп, ерекше дайындалған. Әр отбасы сол күнді ерекше қадірлеп, еңкейген көрінісін, еңбектеген баласына дейін ардақтауға тырысқан. Ешкімнің айтуынсыз-ақ, табиғи түрде тіршіліктің бір бөлігі секілді әр отбасы осы Наурызды тойлады. Әр көше, әр үй кезекке тұрып, наурыз көже береді. Наурыз көже дайындамаған адам болмайтын. Бәрі шама-шарқынша ұзын сарының қысқарып, жуанның үзілер сәтінде өзінің Жаңа жылға деп сақтаған сыбағасын жұртқа беруге тырысқан. Бар жақсылығын, бар алғысын, бар батасын шын ниетпен айтса қабыл болады деп, бұлақтың көзін ашқан, бітпей жатқан ісі болса бітірген. Бұл мерекені атап өтуде жаппай науқаншылдықтың керегі жоқ. Университет болса, әр кафедра кезекпен осы Наурызды бір ай бойына тойлап, соңынан университеттік деңгейде қорытындылаған жөн. Ұлыстың ұлы күнін тойлауда басшылықтан ешқандай бұйрық күтудің қажеті жоқ. Ең бастысы, әр адам Ұлыс күнін тойлауды өзінің азаматтық борышы деп санауы тиіс.

22-наурыз – жаңа жыл, жаңа күн. Шығыс халқының жаңа жылы – күн мен түн теңеліп, күн райы жылынып, табиғаттың шын мәнінде жаңарып, жасаруына дөп келеді. Ұлыстың ұлы күні жалпыхалықтық мереке. Әсіресе, қазақ халқы үшін бұл күннің маңызы мен мәні бөлек. Ал біз бен сіз осы табиғаттың ерекше сыйын бағалай алып жүрміз бе? Оны ұлықтауымыз қандай деңгейде? Наурыз тойының күнтізбелік Жаңа жылдан маңызын қалай арттыруға болады? Бір сөт ойланып көрейікші. Осы сауалдар төңірегінде университетіміздің оқытушылары арасында сауалнама жүргізіп, "Қазақ университеті" газеті өз "наурыз көжесін" ұсынады. «Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуға тиіс жеті түрлі тағамның орнына жеті түрлі сұрақтың жауабын ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нәрін алу оқырманның үлесінде.

«Қазақ университеті» газетінің «НАУРЫЗ КӨЖЕСІ»

Дәнді-дақыл орнына...

Салт-дәстүріміз неге Наурыз тойында ғана еске алынады?



Зүфар СЕЙТЖАНОВ,
ф.ғ.д., профессор, филология
факультеті:

- Салт-дәстүріміз Наурыз мерекесінде ерекше көрініс табатыны сөзсіз. Дегенмен күнделікті өмірде қолданылатын салт-дәстүрлеріміз бар. Мәселен, баланы қырқынан шығару, бесікке салу, келін түсіргенде отқа май тамызу, қыз ұзату кезінде де дәстүрлеріміз көрініс алып жатыр. Алайда, бүгінде ұмыт қалған дәстүрдің бірі – шүпен тарату деп аталады. Бұл дәстүр Наурыз мейрамы кезінде жүзеге асатын болған. Яғни, ауқатты отбасы жаңа жылдық сыйлық есебінде жағдайы төмен жанұяға киім-

кешек, тағам таратқан. Бұл деген молшылық, жақсылық болсын деген ұғым. Жаңа жылда басталған жақсылық жылға ұласады деген наным-сенім бар ғой. Сонымен қатар, Наурыз мейрамында керісу деген де дәстүр бар. Қазірде бұл салт тек батыс елдерінде ғана сақталған. Ал бұл шара жүзеге асатын болса, ренжіскен жандар бір-бірімен табысып бірліктің нығайуына ерекше үлес қосар еді. Сондай-ақ, бата алу дәстүрі бар. Жастар қарттардан бата тілек алатын. Ал салт-дәстүр неге Наурызда ғана жүзеге асады дегенге келер болсақ, енді бұл күннің өзіндік ерекшелігі бар ғой. Наурызға арналып жасалған көженің өзі де басқа күні дайындалған астан ерекше болып табылады. Наурыздағы тағы бір ерекше салт-дәстүр бұл күні халықтар бір-бірімен тең дәрежеде деп қаралады. "бай", "кедей" деген ұғымдар бұл мерекеге жат. Барлық адам баласы тең дәрежеде дастарқан басына отырып, әзілдесіп тойлайды. Ал енді бұл дәрежені Наурыздан басқа күні де жүзеге асырсақ нұр үстіне нұр емес пе?

Дәмдеуіш орнына...

Наурыз мейрамының табиғатпен үйлесімділігін қаншалықты түсініп отырмыз?



Нұржан КЕРІМБАЙ, г.ғ.к.,
доцент, география факультеті:

- Біздің ата-бабаларымыз табиғаттың заңдылықтарын жете түсінген. Ал біздер, кейінгі ұрпақ ата-бабаларымыздың табиғат туралы білімін, небір наным-сенімдерін ұмыт қалдырып отырмыз. Сол тәрізді Наурыз мерекесінің де табиғатпен үйлесімділігі өте көп. Араға қанша үзіліс қалдырып, 1988 жылдан бері қайта тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні барысында бұл күннің табиғатпен ерекше

байланысын атап жатамыз. Мәселен 22 наурыз күні күн мен түннің теңелуі болады дейміз. Шынымен де, ғалымдардың зерттеуінше күн мен түн теңелгенде, күн біздің экваторға келеді де күннің энергиясы арта бастайды. Күннің жылжуына орай, жылдың төрт мезгілі көктем, жаз, күз, қыс болып өзгеріп отырады. Табиғаттың заңдылығына сәйкес, Наурыз айынан бері қарай атмосфера, гидросфера, биосферада көптеген өзгерістер болады. Бұл өзгерістер жылу мен ылғалдың қарым-қатынасына байланысты. Жер қабығындағы барлық тіршілікке қажетті энергияның 90 пайызы күннен алынады. Күн мұхиттардан миллиардтаған тонна ылғалды буландырып Еуразия материгіне алып келіп ауа алмасу, ылғал алмасу процестерін басқарады. Күн энергиясының өзгеруіне байланысты Наурызда өсімдіктер жамылғысы оянады. Табиғат жаңарады. Осылайша Наурыз мейрамы табиғатпен үйлесім табады.

Қатық орнына...

21 наурыз – Ғашықтар күнін білесіз бе?



Альмира ҚАЛИЕВА,
филология факультетінің
оқытушысы:

- Көне наным-сенімге құлақ түрсек, көктемнің алғашқы айының бастапқы үш күнінде жер мен көктің арасын жаңғырта ғажайып үн билейді екен. Асылы, ол ерекше дыбысты жұмбақтағы қой мен қойшы ғана сезсе керек. Құдіретті гүлдің әсерімен осы кезде күллі тіршілік иесіне айрықша сезім-күй, күш-қуат, қасиет нұры құйылады. Ең әуелі, Ұлыстың ұлы күні адамзат қауымының келер жылда қол жеткізер үміт-арманын, мақсат-мүддесін арқау етеді. Наурызда күн мен түн теңеледі. Түнгі он екіден асқан шақта ел ішінде түрлі

Ұн орнына...

Наурыздың шығу тарихы қаншалықты зерттелді?



Меруерт ЕГІТБАЕВА,
ф.ғ.к., тарих
факультеті:

- Наурыз мерекесі ең ежелгі мейрамдардың бірі болып саналады. Бұл мейрамды тек қазақ елі емес, сонымен қатар түркі, парсы халықтары да тойлайды. «Наурыз» деген сөз парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» дегенді білдіреді. Осы уақытта ежелгі әдет бойынша ауыл жастары асау өгізді әр түрлі әшекей бұйымдармен безендіріп ауыл ішіне алып кіретін болған. Бұл әрекет Жаңа жыл келді деген белгіні береді. Өгіз малын алған себебі, ертедегі наным бойынша жер шарын үлкен өгіз мүйізімен тіреп тұр деген наным бар. Бұл күні қазақ халқы ақ, қызыл және көк тағамның әрқайсысынан жеті түрлі дәм дайындап дастархан даярлаған. Наурыз көжені де жеті түрлі тағамнан өзірлеген. Ақ – сүт тағамдары, қызыл – ет, ал көк – көкөніс тағамдары болып табылады. Жаңа киім киіп, үй ішіндегі мүліктерді жаңартып, сынығын лақтырған. Наурыз мерекесі ешқандай діни мереке емес, жаңа жылдық мереке. Наурыз мерекесінің әлі де зерттелмей жатқан тұстары көп деп ойлаймын. Арадағы біраз жылғы атаусыз қалған мерзімде Наурыздың ұмыт қалған шаралары болуы әбден мүмкін.

Су орнына...

Ұлыс күнін мерекелеудің заңнамалық деңгейіне не айтар едіңіз?

Даулет РЫСКАЛИЕВ,
Кәсіподақ
комитетінің
заңгері, заң
факультетінің
кәсіптік одақ
бюросының
төрағасы:



- Наурыз мейрамы – қазіргі кезде, еліміздің мемлекеттік мейрамы ретінде наурыз айының 22 жұлдызында ресми аталып өтілетін мейрам. ҚР 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мейрам күндері туралы» Заңына негіз барлық мейрамдар төрт түрге бөлінген: ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа да мейрамдар ретінде. Құтты мейрамымыз, жаңа жылдың бастауы ретінде, табиғаттың жаңару кезеңімен шектеседі және халықаралық деңгейде (шығыс мемлекеттерінде) ресми аталады. Қазақстанда осы мейрам 1926 – 1988 жылдар аралығында аталмай келді – оған себеп осы мейрамға, сол уақытта, діни мағыналық баға берілуінде. Дәстүр бойынша, Наурыз мейрамы жыл бастау мейрамы ретінде айқындалатынын ескеріп, университет деңгейінде 2009 жылдан бастау алатын алғы міндеттеріміз Қазақстан Республикасының Президенті тапсырмасы аясында қабылданған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2009-2011 жылдарға арналған даму Стратегиясымен анықталды. Осы Стратегияны жүзеге асырудың негізгі іс-шаралар Жоспары қабылданды.

P.S.

«Қазақ университеті» газетінің «наурыз көжесі» осылай әзірленді. Сіздің де айтпағыңыз, алып-қосарыңыз бар болар. Ендеше, Ұлыстың ұлы күні – жаңа жылымызды бірге ұлықтайық.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



Дәстүр

Кафедра

Қазақ қызы... "Арулар асыл жандар, қаракөз қарындастар, шуақ боп шашылғандар, гүл болып ашылғандар" деп талай өлеңге арқау болып, сергелдеңге түскен серілердің серіктері бір өздерің емессіңдер ме?!

ҚАНАТЫМЫЗ
ҚАЙЫРЫЛМАСЫН
ДЕСЕК...

Жыр алыштарының жауһарлы жырында келбетті бейнесі көрініс тапқан арулар, жанға жылулық ұялатқан жарасымдылықтың жаршысындай сипатта болады. Көңілді желсіз шайқаған, күндей күлімдеп, ақша жүзі албыртып, қасы-көзі қиылған, қолаң шашы төгілген, қазақтың қарлығаш қыздары-ай десеңші! Бүгінгі XXI ғасыр көшінде осындай әсем теңеуге тең келеміз бе, арулар? Бір сәт ойланайықшы?!

Темекіге тұншығып, сайтан суға семіріп, орынсыз күлкі мен дөрекілік құрбылардың бойындағы әсем де нәзік жібін үзгендей әсер қалдырады. Қарлығаштың қанатына теңелген қара қасты қылдай қырқып, мойылдай қара шашты түннен күнге алмастырып жүргендер осы бүгінгі қаракөздер. Қазақтың қызы келбетімен керімденіп, жайдары мінезімен маңғаз көрінетіндігі, ұяндықпен ұрлана қарап, адам жанын түсінетіндігімен ерекшеленсе керек еді. Ал бүгінде қандаймыз?! Әсемдіктің өлемінен алыстағандаймыз. Ақиық ақын Мұқағалидың "Келші қалқам паптыңнан иіскейін, иіскейін бірақ та тиіспейін" деп жырлағаны баршамызға таңсық емес. Бірақ та, сол ақындар аңсап жырға қосқан, күн қақтаған қолаң шаштардың темекі түтініне қақталғанын білсек те, білмегенситініміз тағы бар. Отырыстарда байқап қарасаң, ащы суды су құрлы көрмей сімірген құрбыларды көре тұра көрмегенсіміз. Бұл болашақтың бұлыңғыр тартқандығын көзге елестетсе, атқан таңдай аруларымыздың ажарлы жүзін мұн торлағандығының белгісі болар деп топшылауымыз да мүмкін. "Қызым үйде, қылығы түзде" деп жүрген ата-аналар бала тәрбиесіне бей-жай қарағандықтан, жоғары оқу орнында білім алып жатыр деп жүргендердің талайының құрығы құлап, тағдыр талкегіне тап болып жүргені жасырын емес. Бір сөзбен айтқанда, тәрбиенің тамыры тарамдалып, дұрыс бағыт-бағдар бермеудің әсерінен кейбір қыздарымыздың қанаты қайырылып жатқандығы өзегімді өртейді-ақ... Бұрымды бойжеткендерімізді бағалай білсек, бағдарымыз бағытты болары сөзсіз. Қалай ойласақ та, бір қарын майдан тауып алған құмалақтардан ада болсақ болғаны.

Ж.ДАГАЙҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

«СЕЛТЕТКІЗЕРІ» СЕРІНІҢ СЫР АЛҒЫЗЫП,
ҰЯҢ СҰЛУ ҰСЫНАР «ҰЙҚЫАШАРЫН»



Гүл көктемнің көгілдір кешінде қол ұстасқан ғашықтар легі толассыз ағылуда. Махаббат інжу гүлдей құлпырып, адам жанын сырға да, мұңға да батыратын өмірде бірақ рет болатын сезім шынары екендігін мойындаймыз. Сол орайда ғашықтар атсалтын сақтап, дәстүрімізді дәріптеп, бойжеткендер тарапынан ғашық жігіттеріне арнап пісірілген, Ырыс (Қыдыр) түні желінетін тағам "Ұйқыашар" әзірлесе, жігіттер тарапы қыз жанының мөлдір сезімін оятар "Селтеткізер" дайындау үрдісін жолға қойған. Бұл сыйлық аталуы жағынан да, мағынасы жағынан да қазіргі «сюрприздің» арғы тегі болып табылады, тіпті, «сюр» сөзінің өзі қазақтың «сұр» - ұзақ уақыт бойы сақтаулы деген сөзіне өте жақындығымен дәлел бола алады. Өткеннен ой толғап, дәстүрімізді қайта жаңғырту қажет екендігін мойындауымыз керек. Ата-әжелеріміздің салған сара жолы бүгінгі ұрпақты қалай тәрбиелеуде?! Сол орайда құрбы-құрдастарымыздың күнделігінен сыр тартуға бел будым.

Ғашық аруына сезімін білдіруші, «Алаш» есімді серінің "Селтеткізері"

Жаңбырлы кеште ғашық жанмен бірге серуен құрғанды ұнатамын. Әсіресе, маған ұнайтыны көктем мезгіліндегі жауын. Мақпал түннің қоңыр желі жүрегімді тербегендей, айлы аспанда жымыңдасқан жұлдыздар арасынан бір өзіңді іздеуменен күй кешем. Асқар таудың ақ қарының ызғары жүрегімдегі оттай ыстық сезімді өшірмес деймін. Нұрға малынған жүзіңнен жан сұлулығын көргенде, сырымды тек жанарымда мәңгіге сақтап қалдым. Осыдан бір жыл бұрын бақытымды кездестірдім. Дәл сол күн, қазақтың дәстүр жоралғысының қызға сезімін білдіретін "Селтеткізер" сыйлар күні екені есіме түскен еді. Алғашқы таныстықтан соң бақытымды Республика сарайында өтетін "Бауыржан-шоу" әзіл-сықақ театрының концерттік қойылымына шақырдым. Бұл кез көктемнің 21 наурызы болатын. Біз екеуіміз малмандай суға малынып, Республика сарайының алдында, Абай ескерткішінің жанында кездестік. Екеуіміздің де қолымызда қолшатырымыз бар. Алматының ақ жауыны сулаймын десе

қолшатырыңа да қарамайды. Сол сәт оның қолшатыры менің қолшатырымнан әлдеқайда өлдірек әрі өдемірек болғандықтан қолшатырымды жинап қойып, оның жылтыраған әйнектей қолшатырының астында нәсерден қорғанып, сосын жатақханаға жеткеніміз өлі күнге есімнен бір сәт шыққан емес. Неге екенін білмеймін, мен оның жатақханасына барған сайын ақ жауын аспаннан нұр болып құйылып тұрады. Ол да болса алғашқы кездесуден қалған арманымның нұрлы елесі іспеттес...

Қаракөз қыз "Арудың" ғашық жігітіне ұсынған "Ұйқыашары"

Мінеки, гажайып сезімнің сырғына тұнған бүгінгі заман ғашықтары "ұйқыашар" мен "селтеткізер" рәсімін заманына қарай адамы демекші, өз уақтысымен саралай білді. Сезімнің гүлі сананы бойлап, өз жапырағын, өз күлгесін жарғанда, өмірі қызғалдақтай құлпырған махаббат иелері көктемнің бұл мейрамын әсте естен шығармас дейміз. Махаббаттың нәзік жібі жүректі шырмап, армандарының сыры тек бір-біріне арналғандай әсер қалдыруы қос жүректің сезім құшағында тербелгендігінің белгісі болса керек. Қазақы қалпымыздан ажырамай, салтымызды сараптап, дәстүрімізді дәріптей білейік, достар!!!

Дайындаған: Жанат ҚАСЫМБЕК

Конкурс

1 АПРЕЛЯ – ВСЕ НА КВН!

В международный день смеха во Дворце Студентов им. У.А.Джолдасбекова был проведен конкурс КВН посвященный 75-летию КазНУ им. аль-Фараби.

Конкурс проводился среди лучших команд факультетов и колледжа Казахского национального университета.

В роли организаторов игры выступила Лига КВН КазНУ им. аль-Фараби, которая пользуется большим успехом среди студентов-юмористов, так как Лига КВН является кузницей талантов для сборной команды университета.

В состав жюри были приглашены известные люди, такие как Нурлан Коянбаев – Капитан сборной команды КВН Казахстана «Астана КЗ», популярный телеведущий, Тимур Ерджанов – Президент «Открытой Лиги КВН», Совет Сеитов – Президент «Суперлиги КВН Казахстана» и др.

Призовые места на конкурсе КВН получили: первое место – объединенная команда

факультетов биологии и экономики «Күн мен түн Smile»; второе место – команда факультета биологии «Второе дыхание»; третье место – команда факультета филологии «Сенсация». А также обладателями специальных номинации стали «Лучший видеofilm» – факультет ФФИП команда «Құдай қаласа», «Мистер КВН» – капитан команды филологического факультета «Сенсация» Д.Байбосынов, «Мисс КВН» – декан ФМО КЕ. Байзакова, «Самая актуальная шутка» – факультет ФФИП «Құдай қаласа», «Лучший номер» – женская сборная «Шпильки», а специальный приз от «Mc Burger» был вручен команде колледжа «Juniors», также победители получили памятные призы от профсоюза студентов «Сунжар».

Игра была очень интересной, самые веселые



студенты самого серьезного университета страны своим неповторимым юмором дали зрителем огромный заряд хорошего настроения.

Пресс-служба КазНУ



■ Оқыңыз, қызық!..

Ұлыстың ұлы күнін ерекшелетін ұлттық тағамның бірі – Наурыз көже. Бұл тағам қазаған қыстың қар-боранына қарсыласып шыққан адам баласы үшін көктемде таштырмас әл-ауқат, дәрумен. Бізге бұл көженің жеті немесе тоғыз түрлі қоспа арқылы дайындалатыны белгілі. Осындай дәмнің араласуынан даярланған тағамды шөлдесең сусын, тойымды көже деп айтуға болады.

Ал біздің шығыстану факультетінің студенттері бұл көктемге наурыз көженің мына өздерінің “Махаббат көжесін” тарту етіп отыр. Оны студенттер көктемдегі жылылық пен сұлулықтың, жаңару мен жасарудың, көңіл мен күйдің ерекше жоғарылығымен түсіндіреді. Олардың айтуынша, “махаббат көжесінің” құрамы төмендегі «жеті түрлі қоспадан» былайша «өзірленеді».

«МАХАББАТ КӨЖЕНІҢ» НАУРЫЗ КӨЖЕДЕН ҚАНДАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ БАР?



Айжан ТОҚҚАРИНА, 2 курс:

- Наурыз көжедегі басты тағам ет дейтін болсақ, “махаббат көжедегі” маңызды қоспа – сезім. Сезімнің астарында сыйластық, өзара құрмет деген сыр бар. Яғни бозбала мен бойжеткеннің, адамзаттың бір-біріне деген адамдық сезімдерінің дәнекері болсын деген ниетпен сезім атты қоспаны қосқан жөн.

Олжас БЕЙСЕНБАЕВ, 2 курс:

- Ал мен күріш немесе бидайдың орнына пәктік пен тоқтық қасиеттерін қосуды ұсынамын. Пәктікті күрішпен салыстыру себебім, қазақта «ақ күрішпей алпақ» деген теңеу бар емес пе?! Ал бидайды да қолдануға болатындығы, «арпа-бидай асекен» деген дана сөз бар. Сол себепті де қоспа түрлеріне бұл аталғандарды ұмытпаған дұрыс.

Сымбат ТЫНДЫБАЕВА, 2 курс:

- Мен наурыз көжеге сүт немесе айран қосылатындығын ескеріп, “махаббат көжеге” айранды алмастыру есебінде достық деген қасиетті қосақ жөн болады деп есептеймін. Себебі, бабаларымыз «айрандай ұйыған бірлік» деп жатады емес пе?! Бірлік дегеніміз мызғымас достық дегенге саяды. Тіпті қазағым үйге енген жыланды да басына ақ құйып шығарып салған ғой. Сол үшін де махаббат майданында достықты ту етіп ұстап, келеңсіздікті орынды шеше білсін деген ниет.

Дінмұхамед ЗИЯДИН, 4 курс:

- Біле білсек, тағамның дәмін келтіретін ерекшелік тұзда жатыр. «Тұзсыз астың дөмі болмас» дейді. Тағамға тұзды мөлшерден артық қоссаң, гапшықсың деген болжау бар. Сол себепті де “махаббат

көжесіндегі” тұз сияқты қасиетке ие болар дәмдеуішті сенімділік деп ойлаймын. Тұзды аяққа баспайды, өйткені тұзды атам қазақ қасиетті санаған. Осы қасиеттерді сенімділікке жуықтатуымыз керек.

Айгерім БЕЛЯЛОВА, 2 курс:

- Мен кеспенің немесе ұнның орнын алмастырушы есебінде жылы сөзді қолдануды ұсынамын. Өзім шығыстану факультетінің қытай тілі кафедрасында дәріс алып жатқандықтан кеспе деген сөздің қытай тіліндегі баламасына көз жүгірттім. Ол елде кеспе – өмірдің ұзақтығы мен мәңгілік деген ұғымды білдіреді. Ал қазағымда «жылы сөз жан семірттер» деген жақсы өсиет бар. Сол үшін де махаббаттың мәңгілік болуына, адамдар арасындағы қатынастың жақсаруына жылы сөз ерекше үлес қоспақ.

Жамила МАУЛЕНОВА, 2 курс:

- “Махаббат көжесінде” құрттың орнына адалдық деген қасиетті қосқан абзал. Құртты көп жесең шөлдейтіңіз белгілі, сол сияқты менмен болып, тырнақ астынан кір іздей берсең арадағы жылы қатынасқа, достық байланысқа нұсқан келтіруіңіз мүмкін. Сол үшін де адалдықтың ақ жолынан айнамағаныңыз дұрыс.

Жұмабай ШАЛҒЫМБАЕВ, 2 курс:

- Ал мен осы қоспалардың басын біріктіруші судың орнына мөлдірлікті, тазалықты қосар едім. Яғни, аталған қасиеттер орын алған кезде жақсылықтың да ауылы алыс емес. «Судың да сұрауы бар» демекші, адамдарды бір-бірінің жақсылығын бағалай білуге үйрету, бағыттау болып табылады.

P.S.

Міне, осылайша “махаббат көжесі” дайын болды. Бұл көжеден ауыз тисеңіз аталған белгілердің жүзеге асыруы өбден мүмкін. Адам бойындағы бірнеше жақсы қасиеттерден өзірленген бұл «көже» көктем мезгілінде, күннің райы сұлулана түскен кезде аса қажет. Жалпы махаббат түрлі жол екендігі баршаға аян. Махаббат орныққан жерде қорқыныш, үрей, жамандық деген теріс қылық атауларының бой көтермесі де анық. Ендеше “махаббат көжеден” ауыз тигуге асығыңыз. Бұл жазбаны бастан-аяғына дейін толық оқып шыққаныңыз, көжеден ауыз тигеніңіз. «Жастар бар жерде жаңалық бар» деген осы болар. Шығыстану факультетінің жатақханасына барғанымызда осындай мерекелік әзірлікке тап болдық.

Студенттердің “махаббат көжесіне” куә болып қайтқан Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Біздің тарих

Хронологиялық көрсеткіш

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жана жылмен 75 жылдық мерейтойының шымдылығын ашты. Осы уақыт аралығында қасиетті қарашаңырақтың бағындырған белестері аз емес. Жуырда ғана еліміздегі ЖОО арасында рейтингі бойынша ең үздік университет атанғаны да үлкен мақтаныш. Сондықтан, республикамыздағы нөмірі бірінші Жоғарғы мектеп тарихы әркімді толғандыратыны ақиқат. Осы орайда, газет ертеңгі болашақ жастар және жалпы оқырмандары үшін «Біздің тарих» айдарын қайта жаңғыртып отыр. Бұл айдардан университеттің іргетасы қаланғаннан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ең маңызды жаңалықтар мен жетістіктерден қысқаша хабарлар боласыздар.

1933 жыл

20 қазанда КСРО халық комиссарлар Кеңесі Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. Осы жылдың **9 желтоқсанында** БКП (б) қазақ өлкелік комитеті Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы қаулы қабылдады.

1934 жыл

15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің ресми ашылу салтанаты болды. Алғаш екі факультет: биология және физика-математика факультеттері ашылды. Бұрынғы Верненск ерлер гимназиясының ғимаратында **19 қаңтарда** осы екі факультеттің 54 студенті алғашқы дәріске қатысты. Білім беру және ғылыми жұмыстарды **25** оқытушы жүргізді, олардың арасында **5** профессор мен **10**

23 қаңтарда зоология, ботаника, физика, математика, химия және политэкономика кафедралары құрылды. Москва университетінің оқытушылары профессор И.Д.Молюков, Д.В.Сокольский, Қазан университетінің профессоры К.П.Персидский Алматыға тұрақты қызметке келді. Биология факультетінің алғашқы деканы – профессор **П.П.Мищенко** болса, химия факультетінің деканы – профессор **В.П.Мазуренко** болды.

Қаңтарда университеттің ғылыми кітапханасы шаңырақ көтерді. Оның қорында **6 мың** кітап болды.

1 қыркүйек айында химия факультеті ашылды.

1 қыркүйек күні жалпы және бейорганикалық химия кафедралары құрылды. **2 желтоқсанда** ҚазССР үкіметінің қаулысымен университетімізге **С.М.Киров** есімі берілді. Университет ректоры болып, Қазақстанға белгілі қоғам қайраткері, педагог, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары **Ф.Т.Оликов**, оның орынбасары болып **Д.В.Кузнецов** тағайындалды.

1935 жыл

Наурыз айында оқу корпусы және студенттер қалашығының алғашқы құрылысы басталды. Ол құрылыс Виноградов-Мичурин-Калинин-Космонавттар және Масанчи-Виноградов-Космонавтов-Комсомол көшелерінің қиылысын алып жатты. Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) аспирантурасын бітіргеннен кейін **А.Б.Бектуров** Қазақ мемлекеттік университетіне келді.

1 қыркүйекте омыртқалылар зоологиясы, омыртқасыздар зоологиясы, тіл және әдебиет, әскери ісі және денешынықтыру, механика кафедралары құрылды.

1936 жыл

Университеттің алғашқы баспа өнімі “ҚазМУ бюллетені” жарық көрді.

1 қыркүйекте өсімдіктер физиологиясы, аналитикалық химия, жалпы химия, физикалық химия, органикалық химия кафедралары құрылды.

Қазан айында зоологиялық мұражай ашылды.

Қазақ мемлекеттік университетінде сырттай оқу бөлімі ашылды.



Бүгінгі қасиетті қарашаңырақтың тұңғыш ректоры Ф.Т.Оликов

1937 жыл

“ҚазМУ-дың ғылыми хаттары” (“Ученые записки КазГУ”) басылып шықты.

15 наурыз айында физикалық анализ зертханасы ұйымдастырылды.

27 тамыз күні физикалық және коллоидтық химия кафедрасы құрылды.

1 қыркүйекте филология факультеті ашылды.

1938 жыл

1 қыркүйек күні орыс тілі және әдебиеті, тарих, экспериментальді физика, теориялық физика кафедралары құрылды.

1 қыркүйек айында астрономиялық кабинет ашылды.

Қыркүйектің 2-ші жұлдызында жоғары алгебра және математикалық анализ кафедралары құрылды.

19 қыркүйекте университетте аспирантура ашылды. Физика, математика, химия, биология мамандықтары бойынша **16** және орыс тілі мен әдебиеті саласы бойынша **5** барлығы **21** аспирант қабылданды.

Олардың арасында алғашқы аспиранттар ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы А.Ш.Шарифканов, химия ғылымдарының докторы М.Ф.Авазбакиева, ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.М.Мәсенов, биология ғылымдарының докторы, доцент С.И.Ибрашева, химия ғылымдарының докторы Е.С.Кузалева болды.

1939 жыл

Биология, химия, физика және математика факультеттерінің алғашқы түлектері қанат қақты.

Ф.Т.Оликовтың басшылық етуімен университеттің **5 жылдық мерейтойына** арналған **1-ші университеттік ғылыми конференция өтті.** Жалғасы келесі санда.

Дайындаған Роза УМАРАЛИЕВА




Бүгінгі қасиетті қарашаңырақтың алғашқы ғимараты



■ **Қабілеттілік**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал жалпы құрамалық қорытынды бойынша үшінші орынды экономика және бизнес факультеті мен биология факультеттері бөлісті. Грамота мен 50 мың теңге факультет басшылары Баян Жүндібайқызы мен Тамара Минажқызына ұсынылды. Екінші орын алғаны туралы мақтау қағазы мен 70 мың теңге халықаралық қатынастар факультетінің деканы Байзақова Құралай Ертісқызына табысталды. Ал студенттері жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озып, бөйге алған колледж бірінші орынды жеңіп алып, қанжығалары 100 мың теңгеге майланды. Колледж басшысы



Өнерлі

Өрге жүзген күн

Бейбіткүл Сәрсенханқызы да жоғары марапатпен сахна төріне шақырылды.

Марапаттау рәсімінен сон басталған гала-концерт көрермендерді бірден баурап алды. Сахнада құдды студенттер емес, өккі майталмандар өнер көрсетіп жүргендей. Қарашанырақ талантты жастарға кенде емес екен. Әрі олардың әрқайсысы да бір-біріне ұқсамайтын ерекшелігімен көрінді. Классикалық би номинациясының жүлдегері биология факультетінің «Жұлдыз» тобы «Көктемгі түс» биін орындағанда отырғандар ертегілер әлеміне саяхаттағандай болды. Керемет пластикамен қимылдап, тамаша әсер қалдырған «Жұлдыз» тобы көрермендер жүрегінің төрінен орын алары белгілі еді. Еркін тақырыптағы би номинациясының жүлдегері халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Анастасия Сычеваның орындауындағы «Көктемгі фантазия» қойылымы да әсерлі көңіл-күйге бөледі. Бірде шенбер, бірде ирек болып мың құбылған көк,

сары жолақшалар күлімдеген күнді, тебіндеп шыққан жасыл шөпті елестетті. Шындығында да қиялды қыр асырар көрініс. Колледж студенттерінің цирк өнері мен механико-математика факультетінің заманауи билері де жеткіншектерді еліте жөнелді. Ал авторлық өлең номинациясының жүлдегерлері дайындық факультетінің студенті Жаксылық Қазымұратұлы мен филология факультетінің 1-курс студенті Қайсар Қауымбек жүрек түкпірлерінен шыққан жырдан шашу шашты. «ҚазҰУ-дың құшағына алып келді, Бойымдағы қазақ деген тамшы қаным» деп Жаксылық ағынан жарылса, Қайсар жыраулық дәстүрге салып, «Жетпіс бес жыл бойы жеті жұртты танытқан, Алты жұртты Ақ ордаға енгізген» деп көсілді.

ҚазҰУ студенттері үрмелі аспаптардың да сан түрін меңгеріпті. Классикалық өуендерден бастап заманауи туындыларды құйқылжыта орындағанда танғаламаған жан қалмады.

Бұл күні сахнада сән

өнеріне де орын табылды. Айрықша жанр номинациясының жеңімпазы химия факультетінің «Цирконий» тобы дағдарыс кезіндегі қалдықсыз технологияның үлгісін көрсетті.

Халықтық өн өнері, дәстүрлі музыка да биік деңгейде көрінді. Құрманғазының бүгінгі ұрпақтары күй жарыстың төресін паш етті. Төгілген қара домбыраның үні көрермендердің делебесін қоздырып, ұлттығымызды ұлықтады. Гала-концерт жеке дауыста эстрадалық өн орындау номинациясының жеңімпазы халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті Александр Цойдың орындауындағы Үкілі Ыбырайдың «Гәкку» өнімен төмемдалды.

Үш сағатқа созылған қорытынды кеш көзді ашып жұмғанша өте шықты. Бұл күні өнерлінің тасы өрге домалалы. Сахнаға шыққан әр студент көрермен ықыласына бөленді. ҚазҰУ көгінде жана жұлдыздар жарқырады. «Жұлдызың жоғары болсын» деп тіледік біз де өнерпаздарға.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ



**ҚазҰУ-дың
ҮЗДІК СТУДЕНТІ КІМ?**

75 жылдық тарихы бар киелі білім ордасы ҚазҰУ-дың студенті болу – зор мақтаныш. Ал осы қасиетті қара шаңырағымыздың суперстуденті атану – биік мәртебе. Оқу ордамызда биыл 5-ші жыл ұйымдастырылып келе жатқан «Суперстудент – 2009» интеллектуалдық байқауының жылдан-жылға студенттер арасында танымалдығы мен беделі артып келеді. Бұған дейін әр факультетте студенттердің қабілет-қарымын, білімін, жанжақтылығын, тілдерді меңгеру деңгейін көрсететін жалпы білім беру пәндерінен тест, логикалық сұрақтар, психологиялық сұхбаттасу кезеңдері өткен болатын. Факультетшілік іріктеу кезеңінен мүдірмей өткен «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар» факультет абыройын қорғап, «2009 жылдың Суперстуденті» атағын жеңіп алу үшін финалға қатысуға жолдама алды. Жұмырда осы байқауға байланысты бәсеке қорытындыланып, ҚазҰУ-дың суперстуденті айқындалды.



Жастар ұйымдарымен жұмыс істеу жөніндегі бөлім мен Студенттер сенатының ұйымдастыруымен 26 наурызда нағыз білім додасының көптен күткен ақтық сайысы мәреге жетті. Ақтық сайысқа шыққандар, кеудесіне үміт нұрын жандандырған: халықаралық қатынастар факультетінің студенті Жанат Бекетан, философия және саясаттану факультетінің студенті Алтынай Катаева, тарих факультетінің намысын қорғаған Ғазиза Мұратова, химия факультетінің студенті Дәурен Жамбакин, география факультетінен біліктілігімен, білімділігімен көзге түскен Даулетжан Баймұханов, биология факультетінің студенті Ажар Исақова, филология факультетін бастаушы, өзге студенттерден ерекше одағай мүше Жаннұр Манапбаева, мамандығы математика дегенмен, екі мәрте бокс чемпионы атанған Серік Әбдиев, экономика және бизнес факультетінің алғыр студенті Лаура Танагова, шығыс әлемінің сиқырлы қырын шешуге ұмтылған, қазақ, орыс, ағылшын, араб тілін жетік меңгерген шығыстану факультетінің студенті Данат Жапаханов, жас та болса, жер шарын аралап үлгерген американдықтар мен индонезиялықтарды өз білімімен таң қалдырған физика факультетінің студенті Бекжан Мутанов. «Суперстудент – 2009» интеллектуалдық байқауының 5 жылдық мерекелік сайысының қонақтары Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Дәурен Мұхамеджанов, Алматы қалалық «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы Бақытжан Нарымбетов, «Хабар» агенттігінің продюсері Алма Сайлауқызы, өткен жылдардың суперстуденттері – Назира Болдурукова, Нұрмұхамед Байғараев, Зарина Габдуллахитова байқаудың университет өмірінде зор маңызға ие болып, жылдан жылға жалғасын тауып, ілгері жылжуын

атап өтіп, сайыскерлерге сәттілік тілегеннен кейін сайыс қыза түсті.

Бірінші «Біздің факультет-осындай!» атты сайыс болды. Мұнда әр студент өз факультетінің тарихы мен бүгінгі болмысы жайлы шағын көріністі ой-толғап жасады. Сайыскерлердің осы кезеңде өзірлеген, заман талабына сай шағын фильмдері көрермендер мен қазылар тарапынан жоғары бағаланды. Оқу ордамыздың 75 жылдығына орай университет тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен, болып жатқан оқиғалар мен өзгерістерден жақсы хабардар екенін екінші «Кім алғыр?» сайысында көрсетті. Үшінші «Инновациялық ойлар заманы» сайысында бәсекелестер өз мамандықтарына сөйкес, ғылыми-зерттеу жобаларын ұсынды.

«Біздің факультет-осындай!», «Кім алғыр?», «Инновациялық ойлар заманы» сайыстарының қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған Жанат, Ажар, Жаннұр, Серік, Данат «Логикалық сұрақтар», «Суперстудент – 2030» сайыстарында бақ сынады. Бұл сайыста студенттеріміз 2030 жылғы ҚазҰУ-дың көрінісін сипаттап, сол жылғы суперстудентке аманатхат жолдады. Образды сомдап, шешендік өнері мен көрегенділігін, білімі мен алғырлығын көрсетіп, білім сайысында озып шыққан филология факультетінің 2-курс студенті Жаннұр Манапбаева «Суперстудент – 2009» интеллектуалдық байқауының жеңімпазы атанды. Байқау қорытындысы бойынша 2-орын халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Жанат Бекетанға беріліп, биология факультетінің 2-курс студенті Ажар Исақова 3-орынды иеленді. Кеш соңы жұлдызды сөтке... толассыз қошеметке... сұқбатқа... ұласты.

Маржан СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
Студенттік Медиа-офис

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор — Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы — Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім меңгерушісі — Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ,
Редакторлар — Шынар ӨСКЕМБАЕВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА;
Көркемдеуші-беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
Фототіліші — Алматы МҰХАМЕДЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел: 8 (727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы — 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс 10 227

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.